— Өзіңіз де айтып отырсыз, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіріп шығару қажет, 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін және екі техникалық бағдарланған филиал еліміздің батысында болғаны жөн» деген болатын. Президенттің тапсырмасына сай, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен университетіміздің базасында Ұлыбритания университетінің филиалы ашылатын болды. Heriot-Watt университеті мен Zhubanov University ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойғаннан кейін, факультетімізде дайындық жұмыстары басталып кетті.

Ең бірінші өздеріңіз білесіздер, оқыту ағылшын тілінде, Heriot-Watt университеті стандарттарымен бағалау жүйесі бойынша жүргізілетін болғандықтан, Heriot-Watt университетімен бірлесе отырып екі білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша (Мұнай-газ инженериясы және энергоменеджмент, Электроэнергетика) модульды білім бағдарламаларын жасақтап, универ жүйесіне тіркедік және реестрге енгізуге дайындалып жатырмыз. Одан соң кәсіптік бағдар жұмысы қарқынды түрде жүргізілуде.

Кәсіби бағдар жұмысын Хромтау қаласының №6 мектеп-гимназиясынан бастадық. Кездесу барысында «Мұнай-газ ісі» кафедрасының меңгерушісі Б.Ғ.Алматова мектеп түлектерін факультетте оқытылатын білім бағдарламаларымен таныстырып, Heriot-Watt университетінің филиалы ашылатыны жөнінде айтып өтті. Осы ағымдағы жылдың наурыз, сәуір айларында Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Қызылорда, Орал қалаларының білім ошақтарында және сәуір айында еліміздің оңтүстік аймақтарында, соның ішінде Түркістан, Шымкент, Тараз қалаларында біздің оқытушыларымыз кәсіби бағдар жұмысын жүргізіп келді.

Одан кейін кешенді зертханалық жұмыстарды және ғылыми жұмыстарды жүргізуге қажетті жабдықтарға сұраныс бердік. Факультет корпусына және кабинеттерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр, сонымен қатар кабинеттерге қажетті жабдықтарға сұраныс берілді. Бізде осындай дайындық жұмыстары басталып кетті.

Осы екі БББ бойынша сабақ беретін факультет оқытушылары белсенді түрде ағылшын тілін үйрену үшін арнайы дайындықтан өтіп жатыр және тілдік деңгейлерін арттыру үшін шетелдерге стажировкаға баруға дайындалу үстінде.

**— Ия, еуропалық білім беру саласымен серіктестікте маман дайындау бұрын болмаған тәжірибе. Батыл қадамдарыңызға сәттілік тілейміз!**

— Рақмет, бұл жалпы біздің университетіміз үшін, соның ішінде техникалық факультет үшін де үлкен мақтаныш, үлкен жаңалық.

**— Өзге мамандықтарға қатысты жаңа ақпараттар болса да айта отырсаңыз.**

— Жалпы техникалық факультет 12 БББ бойынша мамандар дайындайды. Соңғы үш жылда өндіріс қажеттілігінің туындауына байланысты 2 білім беру бағдарламасын аштық. Олар «Автоматтандыру және басқару», «Кешенді көліктік логистика» мамандықтары бойынша.



**— Осыдан үш жыл бұрын, дәл осы сәуір айы санында газетімізде мақалаңыз жарияланыпты. Оқу процесінде өндірістік практикаға басым көңіл бөліп жатқандарыңыз жайында. Өндіріс орындары өңірде саусақпен санарлық қой. Факультетте білім алушылар

# БОЛАШАҚҚА ЖАҢА СЕРПІН

көп. Жеткілікті ме? Оларға практикадан өтуге.

— Ақтөбе облысы өңірінде өндіріс орындары саусақпен санарлық дегеніңізге келіспеймін. Себебі облысымызда металлургия, тау-кен, мұнай-газ, құрылыс салалары бойынша өндіріс орындары жеткілікті. Атап айтсақ:

— Металлургия, тау-кен және электроэнергетика салалары бойынша — «Казхром» ТҰК» АҚ филиалдары, оның ішінде АФЗ, ДГОК; «Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС, «Сайлан-Актобе», «Тау-кен өндіруші» ЖШС, «Неохим» ЖШС филиалы, «KEGOK» АҚ, «Мират Азия» ЖШС;

— Мұнай-газ саласы бойынша — «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «BRENT OIL KZ»ЖШС, «Ақтөбе мұнаймаш комплект» ЖШС, «Сағыз-Петролеум» ЖШС, «АдаОйл» ЖШС, «OMAC Integrated» компаниясы және т.б;

— Құрылыс саласы бойынша — Нектар ӨК, «Батыс Сапа» ЖШС, «Регион Строй Проект» ЖШС, «Актюбегражданпроект» ӨК;

— Көлік, көлік техникасы және технологиялары саласы бойынша — «КАЗАХАВТОДОР» ЖШС, «АссанаДорСтрой» ЖШС.

Осы аталған кәсіпорындардың барлығымен келісім-шарт жасалған және біздің білім алушыларымыз (БА) өндірістік практикадан өтіп жатыр.

Сонымен қатар практика базалары бойынша кәсіпорындармен ұзақ мерзімді келісім шартқа отырдық.

«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» БББ бойынша — «АЗТО» ЖШС (25.12.2020-25.12.2025), «Ақжол LTD» ЖШС (14.12.2020-14.12.2025), «ҚТЖ-Жүк тасымалы»-«Ақтөбе Бөлімшесі БП» Филиалы ЖШС (14.12.2020-14.12.2023), «Motor center KZ» ЖШС (03.12.2021-03.12.2026), ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық Даму Министрлігі Автомобиль Жолдары Комитетінің «Жол Активтері Сапасының Ұлттық Орталығы» ШЖҚ РМК, Ақтөбе облысының жол активтері сапасының ұлттық орталығы (14.12.2020-14.12.2025), «КАЗАХАВТОДОР» ЖШС Ақтөбе облыстық филиалы (01.11.2022-01.11.2027), «Jusan Mobile» АҚ Ақтөбе филиалы (22.12.2022-22.12.2027);

«Құрылыс», «Көлік құрылысы», «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру» БББ бойынша — НЕКТАР ӨК (20.12.21-20.12.26), Лидер-Консалтинг-Групп ЖШС (20.12.21-20.12.26), Батыс Сапа ЖШС (20.12.21-20.12.26), «Элитстройсервис-Актобе» ЖШС (25.12.20- 25.12.25);

«Металлургия», «Тау-кен ісі», «Пайдалы қазбаларды байыту» БББ бойынша — «Казхром ТҰК» АҚ (2025 жылға дейін, жаңартылып жатыр), «Тау-кен» ЖШС, «Горно-геологическая компания KazGeoService» ЖШС, «ASC Stroy» ЖШС, «Лотос Актобе» ЖШС, «Ali Group» ЖШС, (2020-2025), «Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС (2022-2027);

«Мұнай-газ ісі» және «Электроэнергетика» БББ бойынша — Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В (2013 ж. шексіз), «Іскер-маман» ЖШС (2020-2025), «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ (меморандум 2021-2024), Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе филиалы (меморандум 2021-2024), «BP Services» ЖШС (2021-2025), «Батысмұнаймаш» ЖШС (2021-2026).

Бір ғана «КазХром ТҰК» АҚ филиалдары біздің бірнеше БББ оқитын білім алушыларымызды өндірістік практикамен қамтамасыз ете алады. Мысалы: Металлургия, тау-кен ісі, пайдалы қазбаларды байыту, электроэнергетика, автоматтандыру және басқару БББ оқитын студенттеріміз осы кәсіпорында практикадан өте алады және оларға осы кәсіпорыннан әрі қарай жұмысқа орналасуға сұраныс бар.

**— Тамаша. Енді қорытынды мерзімі таяу оқу жылында факультетте қандай жарқын оқиғалар болды? Сол жөнінде айта өтсеңіз.**

— Жалпы біздің факультет үшін 2022-2023 оқу жылындағы басты жарқын жаңалық — Heriot-Watt университетінің ректоры, профессор Mark Biggs Ақтөбеге қаласына арнайы келіп, біздің университеттің, соның ішінде техникалық факультетінің оқу базасын аралап, университет ректоры Лаура Қарабасовамен бірге облыс әкімі Ералы Тоғжановтың қабылдауында болып, серіктестік орнату туралы келіссөз жүргізуі болды және кездесу соңында жоғары оқу орнының ректорлары ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

**— Биылғы оқу жылында қай мамандық бойынша маман көбірек дайындалып шықпақ? Қайда жұмысқа орналаспақ? Алдын ала мониторинг жүргізетін едіңіздер ғой.**

— Биылғы оқу жылында техникалық факультет бойынша жалпы 447 түлек 10 БББ бітіреді. Соның ішінде «Мұнай-газ ісі», «Құрылыс», «Металлургия», «Электроэнергетика», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандықтары бойынша бітіретін түлектердің саны көбірек. «КазХром ТҰК» АҚ және «Туран Индустриал» ЖШС компаниясы «Металлургия», «Тау-кен ісі», «Пайдалы қазбаларды байыту» «Электроэнергетика», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандықтары бойынша түлектерді жұмысқа қабылдауға дайын. Мысалы, «Электроэнергетика» мамандығын 50 түлек бітіреді, барлығын да жұмысқа шақырып отыр. Одан басқа Ақтөбе облысы бойынша «OMAC Integrated» компаниясы, «Сағыз Петролеум» ЖШС, Ада Ойл ЖШС мұнай-газ компаниялары, «Лазер» ЖШС, «КазинженерингЦентр» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС «Мұнай-газ», «Құрылыс», «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» БББ бітіретін түлектерге сұраныс жасап отыр.

«Қазақстандық метрология орталығы» ЖШС барлық БББ бойынша түлектерге сұраныс жасап отыр.

**— Факультеттің профессор-оқытушы құрамының әлеуеті, факультеттің материалдық базасындағы толығулар туралы да білгіміз келеді.**

— Жалпы факультетте, 3 кафедра бойынша штатта 60 оқытушы қызмет етеді, оның ішінде ғылым докторы — 1, ғылым кандидаттары — 16, Ph.D. — 3, магистрлер — 30, сонымен қатар практик-мамандар — 7, екі оқытушы докторантурада оқиды. Факультеттің тағы да басқа жас оқытушылары өздерінің бағыттары бойынша докторантураға түсуге дайындалып жүр.

Факультеттің материалдық-техникалық базасы интерактивті панельдермен, виртуалды зертханалық жұмыстармен, жеңіл автомобильдерге, минивэндерге арналған техникалық бақылау желісімен, итальяндық шинамонтаждау жинағымен, шинаны монтаждау машинасымен, домкратпен және т.б толықты. Алдағы жылдарға да қажетті құрал-жабдықтарға сұраныс бердік.

Қазіргі таңда факультеттің материалдық-техникалық базасы, профессор-оқытушылық құрамының сапасы өсіп, интеллектуалды әлеуеті болашақ білікті техникалық мамандарды даярлауға қабілеті жоғары.

Мекенжайы:
Ағайынды
Жұбановтар көшесі, 263,
3-корпус
Сайт: tf.arsu.kz
Телефон: +7 (701) 487-25-35
E-mail: tehfac 2013
Facebook:
Технический факультет
Instagram: zhubanov_techfac

## ZHUBANOV UNIVERSITY ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет 1991 жылы инженерлік-педагогикалық факультет негізінде қалыптасты.

Алғашқы деканы — Д.Д.Избембетов, техника ғылымдарының кандидаты., профессор.

Факультет құрамында «Металлургия және тау-кен ісі», «Көлік техникасы, тасымалды ұйымдастыру және құрылыс», «Мұнай-газ ісі» кафедралары жұмыс жасайды.

Профессор-оқытушылар құрамы:
Ғылым докторы — 1;
Ғылым кандидаттары — 16;
Ph.D. — 3;
Магистрлер — 30;
қауымдастырылған профессор — 4;
Практик-мамандар — 7.

Білім алушылар саны — 1870 (12 білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриатта, 5 білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада).

Білім беру бағдарламалары:
-6B07101 — Көлік, көлік техникасы және технологиялары
-6B07106 — Электроэнергетика
-6B07107 — Автоматтандыру және басқару
-6B07201 — Тау-кен ісі
-6B07202 — Мұнай-газ ісі
-6B07203 — Металлургия
-6B07204 — Пайдалы қазбаларды байыту
-6B11301 — Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалды ұйымдастыру
-6B07301 — Құрылыс
-6B07302 — Көлік құрылысы
-6B11302 — Кешенді көліктік логистика
-6B07303 — Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру.

Магистратура мамандықтары
-7M07101 — Көлік, көлік техникасы және технологиялары
-7M07106 — Электроэнергетика
7M07201 — Тау-кен ісі
-7M07202 — Мұнай-газ ісі
-7M07203 — Металлургия.

Факультет деканы — Ақжарқын Мерекеқызы Балғынова, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

☑ Faculties

Special pages
Арнайы беттер

# ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ –

**В свои 70 лет Ахмет Жакиевич Мурзагалиев точно знает как в течение четырех лет создать из юного выпускника школы квалифицированного и конкуретноспособного инженера-технаря. Ведь он трудится в сфере высшего образования уже 43 года. Причём является одним из основателей технического факультета в Zhubanov University.**

**Сам Ахмет Жакиевич пришел в эту сферу неспроста. С детства увлеченный строением машин и сельской техники, он знал, что это точно его жизненная профессия. Окончил Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт. Сочетая теорию с практикой, учёный все эти годы проработал в ВУЗе. Он автор 60 статей, 4 монографий, 3 патентов и 4 авторских свидетельств. Обладатель Почетной грамоты МОН РК (2011 год).**

**Кандидат технических наук, доцент кафедры «Транспорт. Транспортная техника и строительство» Zhubanov University Ахмет Мурзагалиев делится с читателями нашего издания полезными советами по подготовке лучших кадров.**



# КАК ОБУЧИТЬ ЛУЧШИХ ТЕХНАРЕЙ

Высшее техническое образование — это узкоспециализированное, прикладное направление подготовки кадров. Здесь, кроме наиболее известных в широком понимании качеств специалиста, как точное, логическое мышление, внимательность, пунктуальность, очень важно обратить внимание на наличие особенного фактора, как взаимосвязь человека с технической системой, специальным оборудованием в различных сферах деятельности специалиста. Ведь нарушение регламентированного порядка действий со стороны исполнителя зачастую может привести к нарушению правил безопасной эксплуатации, за которым следуют необратимые последствия глобальных масштабов.

Вчерашний выпускник школы, попавший в бурлящий водоворот событий вузовского учебного процесса, совсем не схожего со школьной системой образования, попадает в неопределенную среду, где каждая кафедра, каждый преподаватель предъявляют к нему свои специфические требования. Отсюда следует практический вывод о необходимости соблюдения в структурных подразделениях факультета единых по форме алгоритмов прохождения каждой ступени процесса получения знаний студентом. Сюда можно отнести требования по структуре и формам отчетностей всех видов, публичная защита расчетно-графических работ, курсовых проектов, работ, отчетов по практике, ведение в обязательный перечень вопросов обработки полученных данных и их анализа и др.

Условием качественной подготовки технических кадров является реализация в вузе практико-ориентированного подхода к образованию. Как раз в этом вопросе преуспел наш Zhubanov University. На техническом факультете хорошо отработаны принципы дуального образования на базе современной материально-технической базы, внедрены инновационные методы организации учебного процесса как в лекционных и учебных лабораториях, так и на постоянно-действующих филиалах на производственной базе профильных предприятий. Заключены меморандумы, договора с крупными промышленными предприятиями и организациями региона металлургического кластера, производственными объединениями нефтегазового сектора, строительными фирмами и транспортного комплекса, энергетических служб региона и города. Образовательные программы по всем специальностям согласуются с представителями производственных структур, в учебные программы включены дисциплины, рекомендованные производством, определенные виды практик проводятся на базовых предприятиях и т.д.

В нашем вузе совершенствован процесс обучения будущих технарей и за счет привлечения ведущих специалистов предприятий АЗФ АО «ТНК Казхром», АО «Актюбинского комбината нерудных материалов (АКНМ)», АО «СНПС АМГ», АО «Каспийнефть ТМЕ», ТОО «Эко-Экспресс Актобе», ТОО «Тапа-Com», АО «KEGOG», ТОО «Казақавтожол», ТОО «Актюбинское ПАТП», АФ РМК АО «Казахстанский институт стандартизации и сертификации», РМК «Национальный центр дорожных активов», ТОО «Автопарк», филиал «Акюбинское отделение железных дорог» АО «КТЖ-Грузовые перевозки», ТОО Производственный кооператив «Нектар», ТОО «Темирбетон», ТОО «Актюбинский региональный индустриальный технопарк», ТОО «Центр национальных дорожных активов».

А производственные практики студентов проводятся в на базах более двадцати предприятий и крупных отраслевых компаний, таких как Донской горно-обогатительный комбинат, ТОО «Актюбинская медная компания», АО « Интергаз орталық», АО «Каспий нефть» и др.



# БОЛАШАҚҚА ЖАҢА СЕРПІН

Такая форма подготовки технических специалистов позволяет учесть интересы трех сторон, имеющих отношение к образовательному процессу: государство, учебное заведение и работодатели.

Следует отметить активную деятельность администрации факультета по укреплению материально-технической базы кафедр. В течение последних лет проделана значительная работа по приобретению необходимого оборудования и учебных комплексов, программного обеспечения, достаточного для организации учебного процесса в разрезе специальностей на данный момент.

Создание собственной лабораторно-практической базы кафедр имеет большое значение для повышения общетеоретического уровня. Здесь будущие специалисты получают знания и навыки научного анализа процессов, могут убедиться в действии базовых законов и теоретических положений дисциплин практической деятельности.

Также нами подготовлен проект создания специализированной лаборатории инновационного типа по дисциплинам прикладной механики, как детали машин, теоретическая механика, теория механизмов и машин, сопротивление машин.

В будущем хотелось, чтобы на базе университета была открыта лаборатория метрологического обеспечения научных исследований (МОНИ), снабженная комплектом инновационной измерительной аппаратуры, средствами и необходимым оборудованием.

Усиление качественного состава ППС кафедр на данный момент решается налаженной государственной системой подготовкой магистров и PhD – докторов. Отметим, что на данный момент на факультете 14 молодых преподавателей и сотрудников обучаются по программе магистратуры и докторантуры, 4 доктора PhD работают на кафедрах.

В эпоху Интернета, IT – технологий и автоматизации и роботизации производственных процессов, необходимо постоянное совершенствование профессиональных качеств и компетенций, именуемого в официальных источниках «lifelong learning» - системой обучения в течение всей жизни. Надо научить студентов этой неизменной теореме успеха.

Наши коллеги понимают необходимость перевода подготовки технических кадров на качественно новый уровень, с учетом перспектив развития и требований производства.

**Ділназ ІЗБАСАР**
**Zhubanov University техникалық факультетінің «Құрылыс» мамандығының 3-курс студенті**

**2022-2023 жылдар аралығында факультеттің студенттік сенаторы болған. «Үздік студент» төс белгісінің, Ақтөбе облысы әкімінің «Алғыс хаты» иегері. Белсенді білім алушымен әңгімеміздің мазмұны төмендегідей.**

**Интервью авторы Гүлнара Дауылбайқызы.**



## LOFT СТИЛІНДЕГІ ҒИМАРАТ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАТЫСУДЫ АРМАНДАЙМЫН

**— Ділназ, университетте Ғылым айы өтіп жатыр. «Құрылысшы» ғылыми ұйымы мүшелері қатысып, жетістік көрсетіпті. Алайда, сізді қоғамдық өмір мәселелері көбірек қызықтыратын сияқты..**

— Сәлеметсіз бе, әкінішке қарай «Құрылысшы» ғылыми ұйымының жылдық есептік жарыс жобасына белгілі бір себептермен қатыса алмай қалған болатынмын. Қоғамдық өмірге қызығушылығым жоғары. Оқумен қоса қоғамдық істерді бірдей алып жүремін деп, ғылым саласында бой көрсете алмай қалатын жерім болады.

**— Қандай қоғамдық істерді атқарғанды жақсы көресіз?**

— Көпке үлгі болатын қайырымдылық шараларында, адамдардың көңіл-күйі үшін жасалатын мерекелік концерттерде ұйымдастырушы ретінде жұмыс атқару жаныма жақын. Себебі, маған адамдардың жағымды эмоциясын көру қатты ұнайды. Сонымен қатар, жаңа таныстықтар орын алатын масштабты жиындарға қатысудан қалмауға тырысамын.

**— Құрылыс объектілері зор ауқымды. Қауіпті жұмыс. Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?**

— Мектеп қабырғасынан суретке, сызуға, есепке икемді болдым. Кейін осы қабілетіме қарай болашақ мамандығымды таңдау барысында қалауым құрылыс саласына түсті. Қауіптілігі мен қиындығына қарамастан бұл мамандыққа деген махаббатым ерекше және ешқашан жасаған таңдауыма өкінген емеспін. Болашақ маман ретінде Ақтөбемнің әсем сәулетіне өз үлесімнің қосылғанын қалаймын.

**— Қандай құрылыс нысандарында практикадан өттіңіз? Қазір тұрғын үй құрылысы өзекті болып тұр. Өте көп салынып жатыр.**

— Өнеркәсіп және азаматтық объектілерді жобалаумен айналысатын «Optimum project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде практикадан өттім. Бұл жоба сызу орталығы, біліктілік бағытында көп нәрсе үйрендім.

Келісемін, қазір тұрғын үйлер көп салынуда. Мен практикадан өткен орталық та тұрғын үй құрылысына белсенді үлес қосуда.

**— Құрылыс саласында оқып жатқан болашақ маман ретінде кеңес сұрасам болады ма? Мен жаңа пәтер алғым келеді. Үйді, подъезді, пәтерді қалай таңдасам ұтамын? Нақты не нәрсеге көңіл аударуым керек?**

— Ең бірінші орналасқан аймағына мән беріңіз, тұрғын үйіңіз қаланың шетінде емес, инфрақұрылымды аймақта орналасқаны дұрыс.

Екіншіден пәтеріңіздің квадратурасына және қай қабатта орналасқанына назар аударыңыз. Квадратурасы мейлінше үлкен, қабаты бойынша 2-ші не 3-ші қабатта болғаны тиімді. Ортаңғы подъезді таңдаған ыңғайлы.

Үшіншіден автотұрақ пен балалар алаңшасының болуына мән беріңіз.

Төртіншіден үйіңіздің қандай материалдан жасалғаны. Мысалы, егер сіз Алматы қаласынан пәтер алмақшы болсаңыз, кірпіштен емес, монолиттен жасалған тұрғын үйден алғаныңыз жөн. Себебі монолитті ғимараттар сейсмологиялық климаттарға (жер сілкінісі, т.б) өте төзімді келеді.

Және бесіншісі пәтеріңіздің терезелері екі жақтан да қамтылған болуына назар аударғаныңыздың дұрыстығы.

**— Құрылысшы мен сәулетшіні жұрт шатастырып жатады. Негізі осы нәтижесі байланысты екі саланы да меңгеріп алған дұрыс-ау. Қалай ойлайсыз?**

— Бұл екі сала, екі бөлек мамандық. Сәулетші ғимараттың сыртқы келбетін сызатын болса, құрылысшы сызылған жұмысты дайындап, пайдалануға береді. Дегенмен бір-біріне өте тығыз байланысты. Құрылысшыға сәулет саласын білу міндетті, себебі құрылысшы әртүрлі жобаларды оқи алуы қажет. Ал сәулетшіге құрылыс саласын білу міндетті емес. Дегенмен, пікіріңізді қолдаймын, екі саланы да қатар меңгерген артық болмас.

**— Болашақта сіз құрылысына қатысуды армандайтын көңілде жүрген объект не болуы мүмкін?**

— Байқасаңыз қазір loft стиліндегі ғимараттар қарқынды салынуда.

Бас қаламыз — Астана қаласына университетіміз жіберген іс-сапар барысында loft стиліндегі биік, әдемі ғимараттардың сәулетін көріп, қатты қызыққан болатынмын. Бұл стильдегі ғимараттарды Ақтөбе қаласында да көптеп салсақ, қаламыздың көркейе түсуіне едәуір үлес қоса алар едік. Көңілімде жүрген, қатысуды армандайтын құрылыс түрлерінің бірі — осы loft стиліндегі ғимараттар құрылысы.

**— Loft стилі маған да қатты ұнайды. Шығу тарихынан хабардармын. ХХ ғасырдың ортасында америкалық құрылыс пен сәулет саласының мамандары ойлап тапқан ғой. 60-жылдары еуропаға кең тараған. Бізге де жетті. Бірақ ол идея көне ғимараттарды бұзбай, өз стилін сақтай отырып, жаңалау еді. Ойлап қарасам, қаламыздың Жилгородок ауданындағы тұрғын үйлер нағыз сәулет ескерткіштері ғой. Таңсық көріп, қарай бересіз. Әсіресе айналаны тамашалауға арналған кең балкондары ерекше. Тек кейбірінің қолданылмай, күтімсіз тұрғаны қынжылтады. Ол пәтердің иелері шамасы loft стилін ұнатпайтындар шығар. Дегенмен сәулет ескерткіштері қатарында болғандықтан бұл жағдайлар заң аясында бақылануы тиіс деп ойлаймын.**

**Әңгімеңізге рақмет!**

**Арнайы беттерді дайындаған Г.Караша**

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ



Қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-ғалым, профессор, 18 тілде сөйлеген полиглот, қоғам қайраткері Құдайберген Жұбановтың ортаншы қызы Қызғалдақ Жұбанова 90 жасында дүниеден озды. Ол асылдың көзі тірі болған соңғы тұяғы еді.

Қызғалдақ Құдайбергенқызы 1933 жылы 26 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келді. Ақтөбе облысында бастауыш мектепті аяқтап, 1946 жылы Алматыдағы №12 қыздар орта мектебін оқып бітірді. 1952 жылы мектепті бітірген соң Қазақ ұлттық университетінің «Экономика» факультетіне түсіп, «Экономист» мамандығын алып шығады. Сол мамандығы бойынша статистика басқармасында жемісті қызмет атқарып жүргенде, 1961 жылы Алматыда Республикалық халық шаруашылық жетістіктері көрмесі ашылады да, сонда қызметке шақырылады. Ол көп жылдар бойы осы көрменің бас павильонының директоры қызметін атқарды.

Қызғалдақ Жұбанова әкесінің еңбектерін оқып, мән-мазмұнын терең ұғып, «Осындай қазақтың бақытына біткен ерекше талантты жоқ етуге қалай көздері қиды екен?» деп қиналады. Өзінің балалары мен немере-шөберелеріне атасының ғалымдық жолын үлгі етіп тәрбиелеген. Өмір бойы әке мұрасын жинақтау, насихаттау жолында тынымды істер атқарды.

Қызғалдақ Жұбанова әкесінің туғанының 105 жылдығына арнап, «Әкем — жарық жұлдызым» атты көлемі 222 беттік сый кітапты жарыққа шығарды.

Қ.Жұбанов 1938 жылдың акпан айында «халық жауы» ретінде атылып кетеді, 1958 жылы ақпан айында толық ақталады. Қ.Жұбановтың артында алды 10-11-лерде, арты үш айлық шиеттей алты баласы қалады. Оларды жары Раушан көп қиындық көре жүріп, оқытады. Балалардың бәрі елге белгілі абырой-атақты азаматтар болды.

1990 жылы қазіргі Zhubanov University, бұрынғы Ақтөбе педагогикалық институтына Қ.Жұбановтың есімі берілген болатын.

## ПОСЛЕДНИЙ ПРЯМОЙ ПОТОМОК КУДАЙБЕРГЕНА ЖУБАНОВА

Средняя дочь первого ученого-лингвиста казахского происхождения, профессора, полиглота, владевшего 18 языками, общественного деятеля Кудайбергена Жубанова Кызгалдак Жубанова скончалась в возрасте 90 лет. Она была последним прямым потомком известного ученого.

Кызгалдак Кудайбергеновна родилась 26 февраля 1933 года в городе Алматы. Начальную школу завершила в Актобе. А в 1952 году выпустилась с женской средней школы №12 в Алматы. Высшее образование получила в Казахском национальном университете по специальности «Экономист». После окончания приступила к работе в управлении статистики. В 1961 году в Алматы открывается Республиканская выставка достижений народного хозяйства, куда Кызгалдак Жубанову приглашают на работу. Много лет она проработала директором Главного павильона этой выставки.




Читая и глубоко осмысливая суть трудов своего отца, она задавалась вопросом «Как могли так обойтись с феноменально талантливым человеком?» Она воспитала своих детей и внуков, приводя в пример образ Кудайбергена Жубанова. Всю свою жизнь посвятила сбору, пропоганде наследия отца.

К 105-летию со дня рождения отца Кызгалдак Жубанова выпустила 222-страничную подарочную книгу «Мой отец - яркая звезда».

К.Жубанов был расстрелян как «Враг народа» в 1938 году, полностью реабилитирован в феврале 1958 года. У К. Жубанова осталось 6 детей старшим из которых было 10-11 детей, а самому младшему всего три месяца. Их воспитанием и обучением занималась вдова Раушан, испытывав немало трудностей. Все дети стали знаменитыми гражданами, известными стране.

В 1990 году Актюбинскому педагогическому институту было присвоено имя Кудайбергена Жубанова.

## THE LAST CHILD OF KUDAIBERGEN ZHUBANOV

The middle daughter of the first linguist of Kazakh's, professor, polyglot who spoke 18 languages, public figure Kudaibergen Zhubanov Kyzgaldak Zhubanov died at the age of 90. She was the last direct descendant of a famous scientist.

Kyzgaldak Kudaibergenkyzy was born February 26, 1933 in the city of Almaty. She completed primary school in Aktobe. And in 1952 she graduated from the women's secondary school No. 12 in Almaty. She received her higher education at the Kazakh National University with a degree in Economics. After graduation, she started working in the Department of Statistics. In 1961, the Republican Exhibition of Achievements of the National Economy opened in Almaty, where Kyzgaldak Zhubanova was invited to work. For many years she worked as the director of the Main Pavilion of this exhibition.

Reading and deeply comprehending the essence of her father's works, she wondered, «How could they treat a phenomenally talented person like that?» She raised her children and grandchildren, citing the image of Kudaibergen Zhubanov as an example. She devoted her whole life to collecting and promoting her father's heritage.

On the occasion of the 105th anniversary of the birth of her father, Kyzgaldak Zhubanova released a 222-page gift book «My father is a bright star.»

K. Zhubanov was shot as an «Enemy of the people» in 1938, fully rehabilitated in February 1958. K. Zhubanov left 6 children, the eldest of which had 10-11 children, and the youngest was only three months old. The widow Raushan was engaged in their upbringing and training, experiencing many difficulties. All the children became famous citizens, known to the country.

In 1990, the Aktobe Pedagogical Institute was named after Kudaibergen Zhubanov.

## ☑ Scientific titles



# Жаңа ғылыми атақтар

**Zhubanov University ғалымдары жаңа ғылыми атақтарға ие болды.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының жалпы жиналысында Жұбанов университетінің «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми орталығының директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Шүңкеев Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі атанды. Ал осы орталықтың жетекші ғылыми қызметкері, профессор Дәулет Сергеев Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек осы жылдың ақпан айындағы Ақтөбеге жұмыс сапары аясында университетке келіп, жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу және білім беру инфрақұрылымымен, кампусымен танысу барысында, алдымен «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми-зерттеу орталығына барған еді. Орталықтың жетекшісі, профессор Қуанышбек Шүңкеев министрмен әңгімелесу кезінде:

— Біздің ғылыми зертханамыздағы аппараттардың барлығы үнемі жұмыс күйінде, яғни тоқтап тұрған бірде-бір аппарат жоқ, — деп атап өткен болатын.

Өз кезегінде министр Саясат Нұрбек университеттің ғылыми жетістіктерін жоғары бағалады.

«Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми-зерттеу орталығы 1984 жылы К.Ш. Шункеевтің бастамасы бойынша люминесценцияның табиғатын және сілтілігалоидты кристалдардағы (СГК) радиациялық ақаулардың түзілу механизмдерін зерттейтін ғылыми орталық ретінде құрылды.

Эстонияның Тарту университетінің ғалымы, академик Лущик Чеслав Брониславовичтің тікелей қолдауымен зертхана ғылыми-бағытын нақтылады және абсорбциялық, люминесценттi және термоактивациялық спектроскопия, сонымен қатар тордың симметриясын төмендету кезінде иондық өткізгіштікті және кристалдардың термоынталандырылған деполяризация токтарын тіркеуді қамтамасыз етуге арналған эксперименттік қондырғыларды құруға қажетті құралдармен жабдықталды.

ҒО жасақтаған әмбебап криостат Эстонияның Тарту университетінің физика институтының құрылыстық бюросында дайындалды.

Ғылыми орталықтағы ғылыми зерттеулердің бағыттары:

• Абсорбциялық, люминесценттi және термоактивациялық спектроскопия, сонымен қатар тордың симметриясын төмендету кезінде иондық өткізгіштікті және кристалдардың термоынталандырылған деполяризация токтарын тіркеу әдістерімен эксперименталды зерттеу.

• Тор симметриясын төмендету кезінде сілтілігалоидты кристалдардағы электрондық қозулардың өздігінен қармалу процестерін теориялық зерттеу.

• Тор симметриясын төмендету кезінде сілтілігалоидты кристалдардағы радиациялық ақаулардың пайда болу механизмдерін компьютерлік модельдеу.

• Әлсіз байланысқан асқынөткізгіштердегі ток транспорты мен флуктуациялық асқынөткізгіштікті теориялық зерттеу мен компьютерлік модельдеу.

• Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы аймағындағы диатомит қорлары бойынша заманауи геологиялық картаны құру технологиясын жасақтау («Жалпақ» аумағы).

ҒО халықаралық ынтымақтастығы мынадай ұйымдармен жүзеге асырылады:

• Тарту университеті, Эстония (University of Tartu, Estonia),
• Гданьск университеті, Польша (University of Gdansk, Poland),
• Латвия университеті (University of Latvia, Riga),
• М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Мәскеу, Ресей),
• А.Ф.Иоффе атындағы физика-техникалық институт РҒА (Санкт-Петербург, Ресей),
• Томск ұлттық зерттеу университеті (Томск, Ресей),
• Ресейдің бірінші президенті Б.Н.Ельцин атындағы Урал федералды университеті (Екатеринбург, Ресей),
• Кемерово мемлекеттік университеті (Кемерово, Ресей),
• Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті (Гродно, Беларусь).
• National Laboratory Astana (Астана, Қазақстан).

**zhubanov.edu.kz**

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

### РЕКТОР ҚҰТТЫҚТАДЫ

12 сәуір — Қазақстандағы Ғылым қызметкерлерінің күнінде Zhubanov University түлегі Күнсұлу Закария ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының президенті лауазымына тағайындалды.

Ғалымдар мерекесіндегі жақсы жаңалыққа орай өзінің Facebook парақшасында университет ректоры Лаура Қарабасова құттықтау жазбасын қалдырды.

— Күнсұлу Закария университетімізді 1984-1989 жылдар аралығында «Химия және биология» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Ғалымның ел болашағы үшін атқарып жүрген істері өте көп. Оның биотехнология, биоқауіпсіздік және микробиология саласында 200-ден астам ғылыми жобалары, сонымен бірге қаламынан туындаған 29 өнертабысы және 5 монографиясы бар. 22 халықаралық жобаны қамтитын 10 ғылыми-техникалық бағдарламаға басшылық етті. Ол Жаратылыстану ғылымдары академиясының мүшесі, Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі.

Дүниежүзін мойындатқан ғалымның Zhubanov University түлегі екендігі біз үшін әркез мақтаныш, — деп Күнсұлу Закарияның алдағы жауапты қызметіне табыс тіледі.

### ПОЗДРАВЛЕНИЕ РЕКТОРА

12 апреля – День работников науки в Казахстане.




С этой датой совпало назначение выпускницы Zhubanov University Кунсулу Закария на должность президента Национальной академии наук при Президенте РК.

В связи с хорошей новостью ректор университета Лаура Карабасова опубликовала поздравительный пост на своей странице в Facebook.

«Кунсулу Закария обучалась в Zhubanov University с 1984 по 1989 год по специальности «Химия и биология». Она имеет более 200 исследовательских проектов в области биотехнологии, биобезопасности и микробиологии. Также Кунсулу Закария автор 29 изобретений и 5 монографий. Руководила 10 научно-техническими программами, охватывающими 22 международных проекта. Она является членом Академии Естественных наук, членом - корреспондентом Российской академии естественных наук.

Мы гордимся тем, что всемирно признанный ученый является выпускником Zhubanov University», — отметила ректор, пожелав Кунсулу Закария больших успехов в ответственной деятельности.

### RECTOR'S CONGRATULATIONS

April 12 is the Day of Science Workers in Kazakhstan.

This date coincided with the appointment of Zhubanov University graduate Kunsulu Zakaria to the position of President of the National Academy of Sciences under the President of the Republic of Kazakhstan.

In connection with the good news, the Rector of the University Laura Karabasova published a congratulatory post on her Facebook page.

“Kunsulu Zakaria studied at Zhubanov University from 1984 to 1989, majoring in Chemistry and Biology. She has more than 200 research projects in the field of biotechnology, biosafety and microbiology. Kunsulu Zakaria is also the author of 29 inventions and 5 monographs. She supervised 10 scientific and technical programs, covering 22 international projects. She is a member of the Academy of Natural Sciences, a corresponding member of the Russian Academy of Natural Sciences.

We are proud that the world-renowned scientist is a graduate of Zhubanov University,” - the rector wrote, wishing Kunsulu Zakaria great success in her responsible work.

**Басты жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова**




# Heriot-Watt University емтиханы өтті



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Шотландиядан Heriot-Watt университетінің бір топ өкілі Ақтөбеге арнайы келді. Global College деканы Anna Fenge, Халықаралық даму жобаларының менеджері Beata Chrystal, Халықаралық даму бөлімінің басшысы Jared Philippi биыл оқуға қабылданатын талапкерлерді іріктеу процесін бастады.

Heriot-Watt университетінің Ақтөбедегі филиалына алғашқы студенттерді қабылдайтын күн жақын.

Алғашқы 300 талапкерден емтихан қабылдадық. Олар Ақтөбеден және еліміздің басқа да өңірлерінен ағылшын тілінен тест тапсыруға арнайы келді.

Ата-аналарымен жеке кездесіп, Heriot-Watt университетіндегі әріптестерімізбен бірге барлық сұрақтарына жауап бердік.

Жаңа бастама болғандықтан, іріктеуді кім, қалай жүргізетіні қызығушылық тудырады.

Барлық процесті шотландиялық оқу орнының мамандары үйлестіріп, бақылап отыр. Ағылшын тілінен тапсырған бүгінгі тестті де өздері IELTS форматында дайындап әкелді.

IELTS 5.0 (2 секцияның көрсеткіші 4,5 балдан төмен болмауы керек) сертификаты бар талапкерлерге тест тапсырудың қажеті жоқ.

Бүгінгі емтиханға келе алмағандар немесе әлі оқу орнын таңдап үлгермеген талапкерлер үшін тағы бір мүмкіндік болады.

Келесі тест уақытын алдын ала хабарлаймыз», — деді Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова.

Ал балаларының болашағына алаңдаған ата-аналардың сұрағына жауап берген Zhubanov University Стратегиялық даму жөніндегі проректор Дастан Хусаинов «Бізде тек оқытып, диплом беру деген мақсат жоқ.

Ең алдымен, университет деңгейін халықаралық дәрежеге көтеріп, білімімізді одан әрі экспорттағымыз келеді. Бұл жастарға берілген ерекше мүмкіндік», — деп көңілдерін орнықтырды.

Zhubanov University профессор-оқытушы құрамымен кездесу кезінде Heriot-Watt University Халықаралық даму бөлімінің басшысы Jared Philippi «Біз Heriot-Watt University филиалын ашқанда бірнеше факторларға сүйенеміз. Олар: біз таңдайтын мемлекеттің жоғары оқу орнына көрсететін қолдауы, ол елдегі дамыған өнеркәсіп және осыған сәйкесінше білікті инженерлік кадрларға деген қажеттілік. Бұл факторлардың бәрін біз Ақтөбеден таптық. Негізі Қазақстан бойынша ғана емес, бүкіл әлем бойынша серіктес ЖОО іздегенбіз. Алайда өзара ынтымақтастық деңгейі тек Zhubanov University ұжымынан сезілді.

Университет филиалын құру — бұл серіктестіктің тек бастамасы ғана. Алдағы уақытта жас білікті мамандар даярлау, оқытушылар арасында тәжірибе алмасу және бірлескен ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыруды қолға аламыз», — деді ойын нығыздап.

**Гүлнара Қараша**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды